



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

Валюта реттеу мен валютаны бақылау мәселелері бойынша қағидаларға енгізілген өзгерістер туралы Төлем балансы департаментінің директоры Жасұлан Мұратовтың түсіндірмесі

г. Астана

2026 жылғы 10 сәуір

Қазақстан Ұлттық Банкі Қаржы нарығын реттеу және дамыту туралы заң¹ аясында Қазақстан Республикасында валюталық операция жүргізу қағидаларын қабылдады.

Дегенмен, қабылданған қағидаларда түбегейлі өзгерістер **қарастырылмаған. Валюталық операцияларды жүргізу тәртібі де, оларды бақылау жүйесі де, сондай-ақ операциялар есепке алынатын шекті сомалар да өзгеріссіз қалды. Есептілік үшін шекті сома мөлшері сақталды: жеке тұлғаларға – \$10 мыңнан, заңды тұлғаларға – \$50 мыңнан басталады.**

Яғни, қолма-қолсыз шетел валютасын сатып алу және сату тәртібі **өзгерген жоқ**. Ол ҚР Ұлттық Банкінің 2019 жылғы 30 наурыздағы № 40 Басқарма қаулысымен бекітілген ҚР-да валюталық операция жүзеге асыру қағидаларымен реттеледі.

Сонымен қатар жаңа қағидаларда валюталық операция жүргізу тәртібі нақтыланды. Атап айтқанда, халықаралық қаржы ұйымдарында ашылған резидент заңды тұлғалардың шоттарына мониторинг жүргізу тәртібі реттелді, сондай-ақ валюталық операция бойынша есеп беру формалары оңтайландырылды. Бұл ретте екінші деңгейлі банктер ұсынатын деректер тізіміне қатысты қолданыстағы есеп беру тәртібі өзгеріссіз қалды.

Бұдан бөлек, ішкі валюта нарығында заңды тұлғалардың қолма-қолсыз шетел валютасын сатып алуына қатысты шекті сомаларды бекіту тетігі жетілдірілді. Енді шетел валюталарын сатып алуға арналған шекті мәндер ҰБ басқармасының жеке қаулысымен бекітіледі. Бұл шешім оларды нарық талаптарына тез бейімдеуге мүмкіндік береді.

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері телефон арқылы ала алады:

+7 (7172) 77 52 10

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz

¹ «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қаржы нарығын реттеу мен дамыту, байланыс және банкроттық мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР [Заңы](#)